

19-САБАҚ ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАР ДӘРІГЕРІНДЕ

🎧 1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

жұқпа
ауа
су
тамақ
қан
қоздырғыш
тұмау
қызылша
желшешек
қызамық
оба
құтыру

112

📖 2. Сөз орамдарын оқыңыз.

Балаңызда желшешек болды ма?
Сіз екпе алдыңыз ба?
Денеңіз қалтырай ма?
Денеңізде бөртпелер бар ма?
Қандай шағымыңыз бар?
Қызылшамен ауырдыңыз ба?
Қызамық болды ма?
Тағы қандай белгілері бар?
Әлсіздік байқала ма?

19-САБАҚ

📖 3. Бос орындарды толтырыңыз.

ішектік _____ .
_____ жұқпалар.
тыныс _____ жұқпалары.
сыртқы _____ жұқпалары.

👤 4. Сұқбатты рөлге бөліп оқыңыз.

– Сәлеметсіз бе!
Кіріңіз, отырыңыз.
Қандай шағымыңыз бар?

– Қандай ауру белгілері бар?

– Балаңызда желшешек.
Дәрі жазып беремін.
Үй жағдайында
карантинде болсын.

– Сау болыңыз!

– Қайырлы күн!

– Ұлым ауырып тұр.

– Тамағы ауырады,
денесі қалтырайды,
қызуы бар, денесі
бөртіп тұр.

– Түсінікті, рақмет,
сау болыңыз!



113

Қандай белгілері бар? ☐	Ұлым ауырып тұр. ☐
Қайырлы күн! ☐	Сәлеметсіз бе! Кіріңіз, отырыңыз. Қандай шағымыңыз бар? ☐
Тамағы ауырады, денесі қалтырайды, қызуы бар, денесі бөртін тұр. ☐	Түсінікті, рақмет, сау болыңыз. ☐
Сау болыңыз! ☐	Балаңызда желшешек. Дәрі жазып беремін. Үй жағдайында карантинге болсын. ☐

Жұқпалы аурулардың белгілері мынадай:

- безгек;
- қалтырау;
- шаршау;
- әлсіздік;
- бұлшықет ауруы;
- бас ауруы;
- құсу, т.б.



7. Берілген сөз орамдарының көмегімен сұқбаттасыңыз.

Жиі шаршайсыз ба?

Басыңыз ауыра ма?

Қалтырайсыз ба?

Бұлшықетіңіз ауыра ма?

Құстыңыз ба?

Әлсіздік жиі ме?

8. Жасырынған сөздерді табыңыз.

Ж	Е	Л	Ш	Е	Ш	Е	К	Е	Ж
Ю	Ь	Қ	О	Т	Е	Р	І	Щ	Л
Й	Щ	О	Б	Ұ	Қ	З	Э	Ч	Й
Қ	Ы	З	А	М	Ы	Қ	Ь	И	Я
Ұ	Х	Д	Т	А	З	А	Ю	Й	Я
Т	Ь	Ы	Ц	У	Ы	Н	Г	Ь	Щ
Ы	Й	Р	И	Б	Л	Х	Ь	Ю	У
Р	Х	Ғ	Т	Р	Ш	З	Э	Я	Ь
У	Ц	Ы	П	О	А	У	А	Х	Щ
Й	О	Ш	Х	Э	М	Ь	Ц	Ь	Я

9. Бос орындарға қажетті сөздерді қойыңыз.

- Қайырлы күн!
- Сәлеметсіз бе!
- Қандай _____ бар?
- Менің _____ ауырып тұр.
- Тағы қандай белгілер бар?
- Қызуым _____, жөтелемін, тамағым _____, _____ ауырады, әлсіздік.
- Отырыңыз. Сізде _____.
- Қандай кеңес бересіз?
- _____ рецептін жазып беремін.
- Рақмет, сау болыңыз!
- Сау болыңыз!

басым
ауырады
шағымыңыз
дәрілердің
жоғары
денем
тұмау